| Тексерілді | Бекітемін |
| --- | --- |
| «№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК | «№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК |
| әдіскері________________Т.Реева | директоры________Т.А.Кенджебаева |

# 2021-2022 оқу жылына арналған «Ойнайық та, ойлайық» үйірмесінің жоспары

№11 «Ер төстік» мектепалды топ

Тәрбиеші: Тилавбаева М.
Байтишева З.

**Вариативтік компонент**
**«Ойнайық та, ойлайық» үйірмесінің перспективалық жоспары**
**№11 «Ер төстік» мектепалды тобы 2021 – 2022 оқу жылы**

| № | Тақырыбы | Мақсаты |
|---|---|---|
| 1 | Дұрысын тап | Балалар тапсырманы орындай отырып, ойлау қабілетін дамытады. |
| 2 | Кім шапшаң? | Шапшаң қозғалыс арқылы қызығушылығы оянады. |
| 3 | Кім тапқыр | Бір-бірімен ауызбіршілікті болады, ойынды қызыға ойнайды. |
| 4 | Айырмашылықтарын тап | Суреттерге қарап, айырмашылығын табады. |
| 5 | Ғажайып жұмбақтар | Жұмбақтардың жауабын табады. |
| 6 | Дұрысын қорша | Ойлау қабілетін дамыта отырып, дұрыс жауабын табуға дағдыланады. |
| 7 | «Ойлан, тап» | Тапсырманы орындай отырып, ойын, зейінін тиянақтайды. |
| 8 | Бірдей қуыршақты тап | Суретте бейнеленген қуыршақтар арасынан бірдей қуыршақты табады. |
| 9 | Үлгіге қарап боя | Берілген үлгіге қарай отырып, суретті бояйды. |
| 10 | Артығын тап | Тапсырманы орындай отырып, ойын, зейінін тиянақтай алады. |
| 11 | Үйінді тап | Шапшаң ойлау мен қозғалу арқылы тапсырманы орындайды. |
| 12 | Суретті жалғастыр | Суретті жалғастыра отырып, қолының икемділігін арттырады. |
| 13 | Айгерімге көмектес | Тапсырмаларды орындай отырып, ойлау қабілетін қалыптастырады. |
| 14 | Қайда мекендейді? | Жануарлардың қайда мекендейтінің табады. |
| 15 | Ойнайық та, ойлайық | Балалар қызыға ойынды ойнай отырып, тапсырманы орындайды. |
| 16 | Қайсысы артық? | Суретке қарап, артығын табуға тырысады. |
| 17 | Бағытын тап | Тапсырманы орындай отырып, дұрыс бағытын табады. |
| 18 | Қандай пішін | Карточкадағы көрсетілген пішіндерді атайды. |
| 19 | Бірдей. Әртүрлі. Заттарды әртүрлі белгілер бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш) | Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыра отырып, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді қолдана алады; |

| | | |
|---|---|---|
| 20 | Ертегіні тап | Балалар берілген суреттерге қарап, ертегіні есіне түсіреді. |
| 21 | Суреттерді қос | Балалар суреттерге қарап ретімен сызықшалармен қосады. |
| 22 | Жануарларды ата | Шапшаң бейнеленген жануарларды атайды. |
| 23 | Жалғастыр | Карточкадағы суреттерге қарап, сөйлемді жалғастырады. |
| 24 | Диалог құр | Берілген карточкадағы суретке қарап, диалог құрып әңгімелеседі. |
| 25 | Фигураның суретін сал | Тәрбиеші айтқан фигураның суретін салады. |
| 26 | Ретімен белгіле | Берілген суреттерді ретімен орналастырады. |
| 27 | Сандар тізбегін жалғастыр | Берілген сандарды ретімен орналастырады. |
| 28 | Сандарды салыстыру. | Заттар жиынтықтары мен сандарды «<», «>», «=» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру. |
| 29 | Біріктір, тап | Шапшаң бірдей суреттерді тауып, оларды біріктіреді. |
| 30 | Тасбақаға көмектес | Тасбақаға сызықтар арқылы, өз екеніне жетуге көмектеседі. |
| 31 | Уақытта бағдарлау : тәулік (таң, күн, кеш, түн), апта күндері. Күн режимі. | Тәулік бөліктері мен апта күндерін, күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктері қалыптасады. |
| 32 | Цифрларды жаз | Мидың белсенді жұмыс істеуін, есте сақтау қабілетін дамыта отырып, цифрларды ретімен жазады. |
| 33 | Қандай сан? | Сипап сезу арқылы санды табады. |
| 34 | Қанша шар бар? | Суреттегі шарлардың арасынан шарларды түсіне, пішініне қарап айырады және санайды. |
| 35 | Есепте, ойлан | Қарапайым есептерді ойлана отырып, есептеуге тырысады. |
| 36 | Жолда абай болайық | Жолда жүру ережелерін таныса отырып, әңгімелейді. |
| 37 | Сиқырлы шаршылар | Әртүрлі шаршылар арқылы бейнелерді құрастырады. |
| 38 | Ойнайық та, ойлайық | Логикалық есептердің қызыға шешімін табады. |
| 39 | Қайталау | Жыл бойын орындаған тапсырмаларды қорытындылайды. |

**Тексерілді**
**«№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК**
**әдіскері________________Т.Реева**

**Бекітемін**
**«№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК**
**директоры________Т.А.Кенджебаева**

# 2021-2022 оқу жылына арналған «Өнерлі екен он саусақ» үйірмесінің жоспары

№11 «Ер төстік» мектепалды топ

Тәрбиеші: Тилавбаева М.
Байтишева З.

# Вариативтік компонент

**«Өнерлі екен он саусақ» үйірмесінің перспективалық жоспары**
**№11 «Ер төстік» мектепалды топ**
**2021-2022 оқу жылы**

| р/с | Тақырыбы | Бағдарламалық мазмұны | Қолданылатын көрнекіліктер |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Ұшақтар»** | Қағаздың түрлерімен таныса отырып, қағаздан бүктеу әдісін түсінеді, дайындайды. | Ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар |
| 2 | **«Аққулар»** | Қағаздың түрлерімен таныса отырып, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптасады. | Аққудың суреті, картон қағаз, қайшы, желім, түрлі-түсті бояулар |
| 3 | **«Сиыр»** | Сурет салуға қызығушылығын арттыра отырып, қарындашты оң қолымен ұстауға үйренеді. | Сиырдың суреті, түрлі-түсті бояулар, ақ қағаз |
| 4 | **«Паровоз»** | Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс – тәсілдерін түсінеді. | Сюжетті суреттер, ермексаз |
| 5 | **«Әтеш пен бақа»** | Балаларға түрлі - түсті қағаздармен таныстыра отырып, үлгілерін бастырып қияды. | Желім, қайшы, қағаздар, үлгілер, траферат |
| 6 | **«Алтын балық»** | Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіре отырып, дайын болған жұмыстарын әшекейлей алады. | Балық туралы үлкен суреттер, (тамақ үстінде, қыдырып жүрген) |
| 7 | **«Қайық»** | Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіре отырып, бүктеп жасай алады. | Қағаз, қайықтың суреті |
| 8 | **«Қашқаргүл» (астра)** | Балалар гүлдермен таныстыруды жалғастыра отырып, мүсіндеу арқылы қол икемділіктерін арттады. | Қашқаргүлдің суреті, ермексаз |
| 9 | **Түймедақ** | Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсінеді. | Тақырыптық суреттер |
| 10 | **Арыстан** | Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсырады. | Сюжетті сурет, түрлі түсті қағаздар, желім, қайшы |
| 11 | **«Мысық пен тышқан»** | Балалар кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасай алады. | қағаз, кепкен жапырақтар, желім. |
| 12 | **Үйрек** | Тұзды қамырды ұқыпты пайдалана отырып, қол икемділіктерін арттырады. | Тақырыптық суреттер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | **«Тасбақа»** | Балалар пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасайды. | жаңғақтан , ермексаздан жасалған тасбақа. |
| 14 | **Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс** | Қалдық заттардан ойыншықтар (тышқан) жасай алады. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. | ермексаз, киндердің ыдысы, түрлі түсті қағаздар. |
| 15 | **Қысқы киім** | Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныса отырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттайды. | Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, қайшы, желім. |
| 16 | **Аққала** | Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыра отырып, қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастыра алады. | «Қазақстан табиғаты» тақырыптық суреттер |
| 17 | **«Досыма арналған альбом»** | Қағазбен жұмыс істей отырып, тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктейді және бір-біріне желімдеу тәсілдерін біледі. Альбомды әшекейлейді. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе алады. | Әр балаға бірнеше ақ парақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, жіңішке лента, қайшы. |
| 18 | **«Гүлдер. Қағаздан біріктіру»** | Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасайды. Шаршы қағазды теңестіре отырып,  тігінен, көлденеңнен бүктей алады. | Түрлі түсті қағаз түрлері |
| 19 | **Ит (Табиғи материалдармен жұмыс)** | Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдарды таңдай отырып, бастаған істерін аяқтай алады. | Әртүрлі табиғи материалдар, желім, қайшы, жіп, түрлі-түсті қағаз, қылқалам. |
| 20 | **Қоңыраугүл** сурет | Сурет салуға қызығушылығын арттыра отырып, қарындашты оң қолымен ұстауға жаттығады. | Қоңыраугүл салынған суреттер |
| 21 | **«Қояндар»** | Түрлі бүктеу әдіс – тәсілдермен танысады. | Қоянның суреті, түрлі түсті қағаздар |
| 22 | **«Кірпі»** | Балалар пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасайды. | шишкалар, ермексаз. |
| 23 | **«Балық»** | Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алады. | Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы. |
| 24 | **«Шырпы қораптарынан машина** | Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасай алады. Бастаған істерін аяғына дейін жеткізеді. | шырпы қораптары, желім, қайшы. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **жасау»** | | |
| 25 | **«Сандықша»** | Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасай отырып, әшекейлейді. | қағаз, қорапша, кілей, қайшы. |
| 26 | **«Жол белгілері» (Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс)** | Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтары арттады. | түрлі-түсті қағаз, қорапша,кілей,қайшы. |
| 27 | **«Гүлдер әлемі»** | Балалар бояумен сурет салуға қызығушылығын арттырады. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салады. | Сюжетті суреттер, бояулар, ақ қағаз. |
| 28 | **«Рамкалар жасау»** | Балалар жарамсыз заттарды, дәндерді рамкаға ұқыпты жапсыра алады. | Суреттер, дәндер, рама. |
| 29 | **«Өз бетінше жұмыс»** | Балалар өз қалауы бойынша жұмыс жасайды. | түрлі түсті қағаз, желім, пластикалық бөтелкелер, ермексаз. |
| 30 | **«Желкенді қайық»** | Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту. | Суреттер, жаңғақ қабығы, ермексаз. |
| 31 | **Қонжық** | Аю туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюдың бейнесін жасайды. | Қонжықтың суреті, түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы. |
| 32 | **«Алқаптағы гүлдер»** | «Көктем» мезгілінде гүлдер туралы тақпақ жаттай отырып, көктем гүлдерін жапсырады. | Алқаптағы гүлдердің суреттері, түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы. |
| 33 | **Құстар** | Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Балалар табиғаттағы құстарды аялау жайлы таныса отырып, құстарға деген қамқор болады. Құстардың суретін салады. | Түрлі-түсті қарындаш, альбом, құстардың суреттері. |
| 34 | **«Көңілді шеберхана»** | Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін біле отырып, дөңгелектеу арқылы конус жасай алады. | түрлі-түсті қағаздар, желім, қайшы. |
| 35 | **Жаңбыр** | Жаңбырдың суретінін саусақ арқылы салады. | Көрнекі суреттер |
| 36 | **Шалғын** | Балалар шөптер жайлы әңгімелесе | Түрлі-түсті қағаздар, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **шөптер** | отырып, шпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсырады. | желім, қайшы сюжетті суреттер. |
| 37 | **Жайлауда** | Балалар «Жайлау» туралы әңгімелейді, мазмұндай отырып, жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасайды. | Сюжетті суреттер, түрлі-түсті қағаздар, желім, қайшы. |
| 38 | **«Үйрек» (Оригами**) | Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту отырып, қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтырады. | Үйрек суреттері, қағаз, желім, қайшы. |
| 39 | **«Өз бетінше жұмыс»** | Балалар өз қалауы бойынша жұмыс жасайды. | түрлі түсті қағаз, желім, қорапшалар, ермексаз. |

«Бекітемін»
№6 «Өркен» бөбекжайы МКҚК
директоры
Кенджебаева Т. А ____________
«_____»______________________

«Тексерілді»
№6 «Өркен» бөбекжайы МКҚК
әдіскері
Реева Т. Ж ________________
«_____»______________________

**Вариативтік компанент**
**«Би үйірмесінің» перспективалық жоспары**
**Мектепалды тобы 2021-2022 оқу жылы**
**№5 «Көбелек», №9 «Күншуақ» № 11«Ертөстік»**



**Би жетекшісі: Умирбекова Ш.**

# «Би үйірмесінің» перспективалық жоспары
# Мектепалды тобы 2021-2022 оқу жылы

| | Тақырыбы | Мақсаты |
|---|---|---|
| 1 | **1.Балабақша** | 1.Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын,сипатын,көңіл-күйін ажырата білуді қалыптастыру.Дыбысты таза орындау,сөзін анық айтуға үйрету.Музыканың ырғағына салып, аяқтың ұшымен жұптасып билеу.Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау.<br>2.Музыкалық жанрды ажырата білу.Әннің сипатын қабылдау, даусын дұрыс келтіріп орындауға үйрету.Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. |
| 2 | **.Менің отбасым** | 1.Тыңдаған музыкалық шығарманы есте сақтау қабілеттерін арттыру.Ән айту ережелерін сақтай отырып,әннің көңіл-күйін жеткізу. Музыканың сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі жаттығуларды орындау. Музыкалық аспаптар туралы түсініктерін кеңейту.<br>2.Қазақтың ұлттық аспаптарының дыбысталуымен таныстыру. Ән айтқанда тынысты дұрыс қолданып орындауға үйрету. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындауда үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. |
| **3.** | **Салт-дәстүрлер және фольклор** | 1.Күйді ажырата білуге үйрету.Әнді динамикалық ерекшелікті көрсете орындау. Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл,еркін және нақты ауыстыра отырып орындау.<br>2.Музыкалық шығарма туралы әңгімелеуге талпындыру. Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындауға баулу.<br>Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау. |
| **4.** | **Жомарт күз** | 1.Музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету.Әннің көңіл-күйін жеткізе білуге баулу.Ұлттық ойындардың көңілді си-патын бере білу.Таныс әуендерге салып сылдырмақ аспабында ойнау.<br>2.Күзгі табиғат құбылыстарын музыка арқылы сезіне білуге тәрбиелеу.Әннің көңіл-күйін жеткізе білуге баулу.Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би ойлап шығару іскерліктерін жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | Жемістер | 1.Музыканың мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.Әннің сипатын қабылдап, мазмұнына сай орындай білуге дағдыландыру. Музыка әуеніне сәйкес қимылдарды ауыстыру, шығарманың аяқталуын сезіну.<br>2.Музыка тыңдату арқылы ұлттық сезімдерін ояту.Күрделі емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын келтіріп орындауға үйрету.Марш екпінінде музыка әуенімен жаттығулар жасау. Аспаптың дыбысталу тембрін ажыратуға баулу. |
| **6.** | **Көкөністер** | 1.Музыкалық шығарманың мазмұнымен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.<br>Дауысқа күш салмай,әнді хормен орындату.<br>2.Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, сипатын сезінуді қалыптастыру. Қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Мәтінге сәйкес әнді жеке сахналауға үйрету. |
| **7.** | **Ас атасы - нан** | 1.Музыканы тыңдау қабілеттерін арттыру. Дыбыстарды таза орындау, сөздерін анық айту. Музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілік таныту.<br>2.Күйді тыңдату арқылы қазақ ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>Дыбыстарды таза орындау,<br>сөздерін анық айту.Марш екпінінде музыка әуенімен жаттығулар жасау.Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. |
| **8.** | **Азық -түліктер** | 1.Музыкалық шығарманы сипаттай білугеүйрету.Сезіммен, ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық айту.Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойлап шығаруға баулу.<br>2. Музыкадағыбейнелердің дауысын танып, ажырата білу.Әннің сөзін анық айтуға дағдыландыру. Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындауға баулу. Аспапта әуеннің ырғақтық бей-несін анық бере отырып ойнау. |
| **9.** | **Ыдыстар** | 1.Музыкалық шығарманың мазмұнымен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.<br>Дауысқа күш салмай,әнді хормен орындату.<br>2.Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, сипатын сезінуді қалыптастыру. Қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Мәтінге сәйкес әнді жеке сахналауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | **Үй жануарлары** | 1.Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіруге үйрету.<br>Әннің сипатын қабылдау.<br>Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындауға ынталандыру. Күйдің ырғағына салып,асатаяқ аспабында ойнау.<br>2.Музыканы есте сақтау қабілеттерін арттыру.Әнді дауысын келтіріп орын-дауға үйрету.Қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру. |
| 11. | **Үй құстары** | 1.Музыканың мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.Әннің сипатын қабылдап, мазмұнына сай орындай білуге дағдыландыру. Музыка әуеніне сәйкес қимылдарды ауыстыру, шығарманың аяқталуын сезіну.<br>2.Музыка тыңдату арқылы ұлттық сезімдерін ояту.Күрделі емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын келтіріп орындауға үйрету.Марш екпінінде музыка әуенімен жаттығулар жасау. Аспаптың дыбысталу тембрін ажыратуға баулу. |
| 12. | **«Дені саудың-жаны сау»** | 1.Септима мен терция дыбыстарын ажырату.Музыка сипатына сәйкес қимылдарды ырғақты, мәнерлі орындауға дағдыландыру.Күйдің ырғағына салып,асатаяқ аспабында ойнау.<br>2.Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіруге үйрету.Қолымен бағытын (жоғары - төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. |
| 13. | **Жиһаздар** | 1.Домбырада орындалатын «күй» жанрымен таныстыру.<br>Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы - төменгі қозғалысын ажыратуға үйрету.Қимыл-қозғалысты бірге бастап бірге аяқтауға дағдыландыру.<br>2.Қобызшы Қорқыт шығармашылығымен таныстыру.Ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге үйрету.Би қимылдарының элементтерін орындау |
| 14. | **Алақай қыс келді** | 1.Музыканың мазмұнын,әсерлі реңктерін ажыратуға үйрету.<br>Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге баулу. Би қимылдарының элементтерін орындау. Балаларға таныс ұрмалы аспаптарда ойнату.<br>2.Тыңдаған музыканы есте сақтау қабілеттерін арттыру.Ән айту ережелерін сақтай отыра, әннің көңіл-күйін жеткізу.<br>Үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұруды үйрету. |
| 15. | **«Жайнай бер, Қазақстаным»** | 1.Музыка тыңдату арқылы балаладың патриоттық сезімдерін ояту.Ән айтқанда |

| | | |
|---|---|---|
| | | дыбысты таза айтуға үйрету. Үйренген биді қайталап, қимылды ырғақты, мәнерлі орындауға дағдыландыру. Домбыра аспабының құрылысын қайталау және қағыстарды көрсету.<br>2.Музыкалық шығармалардың эмоционалдық мазмұнын ажырата білуге жаттықтыру. Әнді дұрыс айтуға, демді бөлмей шығаруға үйрету. Музыканы тыңдап, вальс ырғағына жүру. |
| **16.** | **Біз және техника** | 1.Тыңдаған музыканы есте сақтау қабілеттерін арттыру.Әнді көңілді,жеңіл айтуға машықтандыру.Қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруді жетілдіру.Таныс әуендерге салып сылдырмақа аспабында ойнау.<br>2.Музыкалық жанрды (күйді) ажырата білу.Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге баулу. Қимыл-қозғалысты бірге бастап бірге аяқтауға дағдыландыру.Күйдің ырғағына салып,асатаяқ аспабында ойнау. |
| **17.** | **«Тірі табиғат обьектілері»** | Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын ажырата білу қабілетін дамыту. Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындауға ынталандыру. Музыканың ширақ сипатын жеңіл бере білуге үйрету. Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау.<br>2.Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды тыңдауға дағдыландыру.Әннің айтылуындағы терция дыбыстарын ажыратуға үйрету.Ырғақты жүгіріспен беруге баулу. Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау. |
| **18.** | **Қош келдің Жаңа жыл** | 1.Музыкадағы ырғақтың мәнерлілігін ажырата білу.Әннің сипатын қабылдап, дауысын дұрыс келтіріп орындауды жетілдіру.Би қимылдарының элементтерін орындау.<br>2.Музыкалық шығармалардың мазмұ-нына эмоциялық қатынастарын білдіру. Қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Қазақ биі қимылдарын ырғақты, мәнерлі орындауға үйрету.Таныс әуендерге салып қазақтың ұрмалы музыкалық аспаптарында ойнау. |

| | | |
|---|---|---|
| 19. | **Аңдардың қысқы тіршілігі** | 1.Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын ажырата білу қабілетін дамыту. Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындауға ынталандыру. Музыканың ширақ сипатын жеңіл бере білуге үйрету. Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау.<br>2.Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды тыңдауға дағдыландыру.Әннің айтылуындағы терция дыбыстарын ажыратуға үйрету.Ырғақты жүгіріспен беруге баулу.Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау. |
| 20. | **Алуан түрлі кәсіп бар,таңдай біл де кәсіп қыл** | 1.Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді тыңдауға үйрету.<br>Қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату. Қимылдарды тізені жоғары көтеріптаныс әуендерге салып музыкалық аспаптарда ойнау.<br>2.Музыкалық шығарманы тыңдап, мазмұнын сипаттап беруге үйрету. Қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату. Ұлттық билердің элементтерін орындау. Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен қосылып айту. |
| 21. | **Киімдер және аяқ киімдер** | 1.Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеуге үйрету. Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындауды дамыту. Музыкаға сәйкес заттармен қимылдар орындау.Металлофон аспабы туралы түсінік беріп,таныс әнді ойнату.<br>2.Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыру. Фортепианоның сүйемелдеуімен жалғыз ән айтуға үйрету.Музыка сипатын би қ-мылдарында бере білу. |
| 22. | **Қардың пайдасы** | 1.Музыка тыңдату арқылы ұлттық аспапқа деген қызығушылығын арттыру. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айтуға баулу, көңілді музыка әуенімен жеңіл жүгіру.<br>2.Музыканың мәнерлілік құралдары мен сипатын ажырата білу қабілетін дамыту. Әннің сөздерін анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, айтуға баулу. Би қимылдарын орындату арқылы әсемдікке |

| | | |
|---|---|---|
| | | тәрбиелеу.Ұрмалы аспаптармен ырғақты дұрыс ұстау. |
| **23.** | **Қыс қызығы** | 1.Қазақстан композиторларының шығармашылығымен таныстыру. Фортепианоның сүйемелдеуінсіз ән айту. Музыкаға сәйкес саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлауға үйрету.<br>2.Қыс құбылыстарын музыканы тыңдату арқылы сезіне білуге үйрету. Фортепианоның сүйемелдеуімен топпен ән айту дағдыларын жетілдіру.Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.Әнді металлофонда ойнау. |
| **24.** | **Қыстайтын құстар** | 1.Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеуге үйрету. Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындауды дамыту. Музыкаға сәйкес заттармен қимылдар орындау.Ксилофон аспабы туралы түсінік беріп,таныс әнді ойнату.<br>2.Композиторлар шығармаларымен таныстыру. Фортепианоның сүйемелдеуімен жалғыз ән айтуға үйрету.Музыка сипатын би қимылдарында бере білу. |
| **25.** | **Бөлме гүлдері.** | 1.Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеуді дамыту. Терция дыбыстарын ажырата білу.Байсалды, баяу және көңілді, би күйін мәнерлі жеткізуге машықтандыру.Әуенді аспапта ойынмен біргесүйемелдеу.<br>2.Музыканы тыңдап, мазмұнын сипаттап беру.Әнді тынысты дұрыс қолданып орындау. Бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау.Музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, әнді қосылып айту. |
| **26.** | **«Құттықтаймын ана»** | 1.Әнді динамикалық ерекшелікті көрсете орындау.<br>Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл,еркін және нақты ауыстыра отырып орындау.<br>2.Музыкалық шығарма туралы әңгімелеуге талпындыру. Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| 27 | **«Нұр себеле,Ұлыстың ұлы күні»** | 1.Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдау.Қолмен ба-ғытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуды жетілдіру.Көңілді музыка әуенімен тізені көтеріп жүгіру.Ұрмалы аспаптармен ырғақты дұрыс ұстауға үйрету.<br>2.Қазақстан композиторларының шы-ғармашылықтарымен таныстыру.Ән айтуда денені түзу ұстап, дыбысты еркін шығару.Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін мәнерлі жеткізу қабілеттерін дамыту. |
| 28. | **«Қазақ халқының ұлттық бұйымдары»** | 1.Ұлттық музыкаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Терция дыбыстарын ажырата білуді дамыту. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.Балаларды ансамбльмен ойнауға баулу.<br>2.Музыканы мұқият тыңдауға дағдыландыру.Сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту.<br>Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беруге баулу.Жеңіл әуендерді ансамбльмен ойнау. |
| 29 | **«Қазақ халқының салт дәстүрі.» Ұлттық ойындар,ертегілер ойын-сауықтар ,қойылым** | 1.Қазақ халқының салт-дәстүрінен қойылымдар қою.Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуды жетілдіру.Көңілді музыка әуенімен тізені көтеріп жүгіру.Ұрмалы аспаптармен ырғақты дұрыс ұстауға үйрету.<br>2.Қазақстан композиторларының шы-ғармашылықтарымен таныстыру.Ән айтуда денені түзу ұстап, дыбысты еркін шығару.Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін мәнерлі жеткізу қабілеттерін дамыту. |
| 30. | **Жылғалардан су ақты** | 1.Аспаптардың үнін ажырата білуге үйрету.Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау.Металлофон аспабында таныс әнді ойнату.<br>2.Бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерін байланыстыру, шығарманы сипаттай білуге үйрету.Әнді фортепианоның сүйемелдеуімен орындау. Қимылдарды музыка ырғағы-мен сәйкестендіре білуге дағдыландыру. |

| | | |
|---|---|---|
| 31. | **Ғарышқа саяхат** | 1.Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын ажырату қабілетін дамыту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып,эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алуды жетілдіру.Музыкаға сәйкес үйлесімді қимылдар жасауға талпындыру.<br>2.Музыкадағы ырғақтың мәнерлілігін ажырата білу.Қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырата білуге дағдыландыру.<br>Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойлап шығару,қабілетін дамыту.Күйдің ырғағына са-лып,асатаяқ аспабында ойнау. |
| 32. | **Көктемгі ағаштар** | 1.Музыканы есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әнді ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерін анық айтуды жетілдіру. Бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау.Домбыра ас-пабының құрылысын қайталау және қағыстарды көрсету.<br>2. Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды тыңдауға баулу. Терция дыбыстарын ажыратуды жетілдіру. Биді орташа екпінде орындау. |
| 33. | **Бір шаңырақ астында** | 1.Ұлттық музыкаға деген сүйіспеншілігін арттыру.Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту,тынысты дұрыс алу.<br>Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беруге дағдыландыру.<br>2.Қазақстан композиторларының шы-ғармашылығымен таныстыруды жалғастыру. Фортепианоның сүйемелдеуінсіз жеке ән айту дағдыларын қалыптастыру. Баяу және көңілді музыка ырғағын би қимылдарымен мәнерлі жеткізу.Металлофон аспабында оркестрде ойнауға үйрету. |
| 34. | **Бейбітшілік қорғанында** | 1.Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын ажырату қабілетін дамыту.Әннің сөзін анық айтуға дағдыландыру.Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін ауыстыруға үйрету.Тұяқтас аспабымен танысып, әуенге ырғақпен ұру.<br>2.Лирикалық ырғақтағы әуендерді қабылдау.Фразалар арасындадұрыс дем алып, әндімузыкалық кіріспеден соң бірден бастап айтуды жетілдіру.<br>Тізені көтеріп жүгіруді орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| 35. | **Жаз келді көңілді** | 1..Вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдауға баулу.Әннің сөзін анық айтуға дағдыландыру.Ұлттық билердің элементтерін орындауға талпындыру.<br>2.Аспаптардың үнін ажырата білуге үйрету.Бір дыбыста құрылған әуеннің бө-ліктерін дәл ырғағымен дербес орындауды жетілдіру. Әндерді сахналау қабілеттерін дамыту. Жеңіл әуендерді ан-самбльмен балаларға арналған музыка-лық аспаптарда ойнау. |
| 36. | **Біз мектепке барамыз** | 1.Күйді ажырата білу.Музыкалық сүйе-мелдеумен топпен ән айтуға дағдылан-дыру.Музыкаға сәйкес үйлесімді қи-мылдар жасауға талпындыру.<br>2. Аспаптардың үнін ажырата білуге үй-рету. Ән айтуда дұрыс тыныс алуды же-тілдіру.Музыканың ширақ сипатын же-ңіл, ырғақты жүгіріспен беру.Таныс ә-уендерге салып музыкалық аспаптарда ойнау. |